

**Павлодар қаласының «№10 сәбилер бақшасы – «Zaman Star» білім беру-
дамыту орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны**

**ӨЗ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ САЙ БАЛА
ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕ НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?**
ата-наналарға арналған консультация

Дайындаған: қазақ тілі мұғалімі Қайыржан С.Д.

ӨЗ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ САЙ БАЛА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕ НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?

Қазақстан Республикасындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында барлық жас ерекшелік топтары үшін мемлекеттік тілді үйрену бойынша міндеттер анықталған.

Мектеп жасына дейінгілердің мемлекеттік тілді меңгерудегі қарапайым дағдыларын қалыптастыру, қазақ халқының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі және мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу басты мақсат болып табылады. Кіші топтағы (3-4 жас) балалардың қандай білім аумағын меңгеруі қажет екендігін сіздердің назарларыңызға ұсынамыз. Кіші топтағы мектеп жасына дейінгілер «Мынау не?» деген сұрақты түсініп, оған қысқа сөйлем түрінде жауап берулері керек (мысалы, «Мынау қоян»). Айналасындағы қоршаған заттардың атауларын айта алулары керек (ойыншықтар, жемістер, көкөністер, дене мүшелері және т.б.). Осы жастағы балаларды қарапайым сөз тіркестерін түсінуге (зат есім мен етістік: Допты ал), сөйлем түрінде тілдік байланыстың қарапайым түрін қолдануға үйретеміз (Мынау аю. Мынау алма).

Ортаңғы топ балаларын (4-5 жас) қазақ тіліне тән дыбыстырды есту мен айтуға үйретеміз, мәнерлеп сөйлеуін дамытамыз. Орта жастағы мектепке дейінгілер заттардың атауларын (ойыншықтар, ыдыстар, киімдер, жиһаздар, көкөністер мен жемістер, адамның дене мүшелері), отбасы мүшелерін, іс-әрекетті, жыл мезгілдері мен табиғат құбылыстарын білдіретін сөздерді айта білулері керек. Балаларды сөз тіркестерін құрастыруға, қарапайым сөйлем құрылымын жүзеге асыруға оқыту. Тілдік байланысты дамыту арқылы балалардың тілді есту мен түсіну, Қандай? Мынау не? Неше?- сияқты қарапайым сұрақтарды түсініп және жауап беру дағдыларын қалыптастыру. Балалар тілдің қарым-қатынас түрі арқылы айналасындағылармен байланыс орнатуға арналған қажетті сөздер мен сөз мәнерлерін біледі. (Сәлеметсіз бе, сау болыңыз, рақмет).

Ересек мектеп жасына дейінгілер (5-6 жас) қарапайым сұрақтарға жауап берулері, мемлекеттік тілдегі сөздерді таза айтулары, өзі туралы әңгімелей білулері (аты, тегі, жасы), заттардың кейбір қасиеттерін (үлкен, кішкентай, әдемі), түстерді айта білулері керек. Оңға дейін санауды үйретіп, қарапайым диалогқа түсуді оқытамыз (Мынау не? Қандай жыл мезгілі? және т.б.). Ересек топ балаларымен қоршаған ортадағы заттардың, жануарлардың, құстардың атауын айта білу дағдыларын дамытамыз.

